

АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы кездері тарихшылар мен әлеуметтанушылардың ғылыми қызығушылығы бір арнаға тоғысып келеді. Оларды қызықтыратыны – «қазіргі қоғам қайдан бастау алды және оның формасы қандай?» деген ортақ сұрақ. Бір жағынан, ондаған жыл бойы архивте эмпирикалық зерттеу жүргізіп, екінші жағынан «қоғам» туралы абстракт теорияны қалыптастыра отырып, әлеуметтану тұрғысынан ойлайтын тарихшылар мен тарихқа жүгінетін әлеуметтанушылар өз салалары бойынша айналысатын мәселелері мен ашқан жаңалықтарын бір жерге жинақтап, қазіргі капитализм, зайырлылық және бюрократияның шығуы мен ерекшеліктерін жан-жақты қарастыру қажеттігін түсінді. Э.Х. Карр, Сетон-Уотсон, Хоббсбаум, Тилли, Киернан, Скочпол, Баррингтон Мур, Валлерстайн, Хехтер, Геллнер және Армстронг секілді ғалымдардың еңбектерінен осы мәселелерді көреміз, олар осы арқылы тарихи әлеуметтануға және әлеуметтанулық тарихқа үлес қосқан.

Бұл мәселелердегі ең негізгі аспект – ұлттар мен мемлекеттердің пайда болуы. Қазіргі заманғы мемлекеттің шығу тегі мен табиғаты туралы көптеген еңбек жазылған болар. Сондай-ақ Батыста және үшінші әлем елдерінде «ұлттың құрылуы» мәселесін зерттеу талпыныстары болды.

Келесі беттерде осы пікірталастың кейбір аспектілері талқыланады. Онда қазіргі заманғы және батыстық даму трендтері ауқымды тарихи контекст шеңберінде қаралады. Бұл кітаптың мақсаты – ұлттардың шығу тегі мен генеалогиясына, әсіресе олардың этностық тамырына сараптама жасау. Қазіргі замандағы «ұлт» түсінігінің тұрақты элементтері мен ұлттың құрылуына алып келетін әмбебап трендтерге назар аударатынымыз орынды, дегенмен олардың жалпы саяси салдарын түсіну үшін ұлттардың сан алуан түріне де көңіл бөлу өте маңызды. Менің пайымдауымша, мұндай түрлердің болуына ұлттың өз тарихи тәжірибесі мен осындай ұжымдық тәжірибеден қалыптасқан ортақ «қазына» ықпал етеді. Сондықтан әр ұлты сипаттайтын, оларды бір-бірінен ерекшелейтін «аңыздар» мен «естеліктерге», «символдар» мен «құндылықтар жүйесіне» маңыз беріледі. Бұл модернге дейінгі этностық құрылымдарды зерттеуді қажет етеді. Онда біз ұжымдық тәжірибенің тарихи қазынасын таба аламыз, себебі «этнос» адам

қауымдастығының қуатты моделі болып қалды, ол заманға сай адаптация мен өзгерістерге ұшыраса да, қазіргі ұлттар пайда болғаннан жойылып кеткен жоқ. Қазіргі ұлттардың «тамырын» жазба тарих арқылы белгілі этностық қауымдардан табуға болады.

Мені ұлттың құрылуында этностық тамырдың маңызы туралы көзқарасқа жетелеген – профессор Хью Сетон-Уотсонның еңбектері мен лекциялары. Профессормен осы тақырып төңірегіндегі көп мәселені талқылауға мүмкіндігім болды және осы кітапты сол кісінің рухына арнаймын. Шығыс Еуропаның мысалында национализмнің тарихын зерттеген көрнекті ғалым, профессор Сетон-Уотсон жас ғалымдарды этнос және национализмді зерделеуге көп ынталандырды. Оның өмірден ерте өтуі қазіргі мемлекеттер мен ұлттардың тарихи тамырын зерттеуге қызығатын ғалымдар үшін орны толмас қайғылы оқиға болды.

Сонымен қатар осы саланы зерттеп жүрген басқа да ғалымдардың, атап айтқанда, профессор Джон Армстронг, Уолкер Коннор, Эрнест Геллнердің еңбектерінен көп нәрсе алдым. Премодерн кезеңдегі этностық мифтер мен символдар туралы дүниелер арасында ерте тарихты зерттеген Генри Франкфорт және Ричард Фрайдың еңбектері, сондай-ақ Армстронгтың «Национализмге дейінгі ұлттар» кітабы өте құнды. Осы тақырыпқа қызығуыма Сьюзен Рейнольдс және оның әріптестері ұйымдастырған «Шығу тегі арқылы мойындау» (*Legitimation by Descent*) атты конференция түрткі болды. Екінші, үшінші және төртінші тараулардың алғашқы нұсқаларын Лондон Экономика мектебі және «Сәрсенбілік кеш» тарихи әлеуметтану қоғамының «Тарих өрнектері» және «Национализм» семинарларында таныстырғанмын. Осы семинардың қатысушыларына және өзім жұмыс істейтін кафедра қызметкерлеріне пайдалы пікірлері үшін алғысымды білдіремін. Бұл кісілермен осы кітаптың тақырыбы аясындағы негізгі мәселелерді көп талқыладық. Осы кітапта айтылған көзқарас, қателіктер мен олқылықтарға толықтай жауапкершілік өз мойнымда екені айтпаса да түсінікті.

Қорыта келе, осы еңбекті жариялауға ат салысқаны үшін *Blackwells* баспа үйіне және Шон Меджиге, Патрисия Крон мен Джон Холлға пайдалы пікірлері үшін алғыс білдіремін. Сондай-ақ осы кітапты жазу барысында ерекше шыдамдылық танытып, қолдау көрсеткен отбасыма, библиография мен карталарды реттеуге көмектескен әйеліме ризашылық білдіремін. Олар мұнша үлес қоспаса, бұл кітап жазылмас еді.